

ЕГЕМЕН

АВВАТАН

# Төртінші онжылдықтың тұжырымдамасы

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ел газеті «Егеменде» жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы еліміздің жүріп өткен отыз жыл ішіндегі жеткен жетістіктері ғана емес, жарқын болашағы туралы байсалды талдау жасауымен де қоғамдық санаға сілкініс жасап, ұлтқа бағдар беретін тұжырымдамалық сипатымен оқырманға ой салды. Сондықтан бұл құнды құжатты бүгінгі белесімізді бағамдаған, болашағымызға бағдар берген, қоғам құндылықтарын таным мен талғам таразысынан толғаған, ұлтты ұраншылдыққа емес, ұстамдылыққа үндеген ұлағатты мақала деуге негіз бар.

Тәңірге тәубе, тәу етер тәуелсіздіктің алғашқы үш он жылдығында еліміз орасан жетістіктерге қол жеткізді. Бұл туралы мақалада жүйелі, жақсы айтылған. Сонымен қатар алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті қуатты елдің иесі һәм кемел халық болу екенін, бұл үшін ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру қажеттігін қаперге салады. Егемендіктің мәңгілік ұштағаны – байтақ жеріміз, қастерлі тіліміз және бойтұмардай береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтауға шақырады.

Әрине, ұлттық сананы тарихи сана қалыптастырады. Тарихын терең білген, тамыр тартып, тағылым алған ұлт тәуелсіздіктің тегін келмегенін ұғынады. Бұл ретте Елбасының «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» сынды кешенді бағдарламалар жасау арқылы тарихи санамызды жаңғыртуға рухани негіз, деректемелік бай қор жасап, таптаурын қияс түсініктерден санамызды азат еткенін айтқан Президенттің тарихшыларға отандық канондық тарих жазу, сол арқылы ұрпаққа ұғынықты, қарапайым тілмен өткенімізді насихаттау, көркем және деректі фильмдерді көбейту секілді тапсырмалар беруі – уақыт созбай шешімін табуға тиісті өзекті мәселе екені айдан анық.

Ашаршылық, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау, тізімін жасау, ақиқатты қалпына келтіру – бостандық пен елдік жолында шейіт болған боздақтардың алдындағы өтелмеген парыз. Қызыл қырғын, зұлмат сүргін, соғыстың зардабы, сай-салада шашылып қалған ақсөңке сүйектер, жат жерді жастанып көз жұмған босқындар тағдыры – жанкешті қазақ елінің басынан кешкен әлемдік тарихта сирек болатын ұлы нәубет. Биыл оған да жүз жыл толмақ. Өткенге салауат айту үшін де осы қасіретті шежірені архив деректерімен, бұлтартпас құжаттармен айғақтау – ұрпаққа борыш,

ұлтқа сын. Бұл ретте таяуда ғана Президент Жарлығымен құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияға жауапкершілік жүгі артылары анық.

Кезінде «Өткен күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз бабам тілі, сен қалдың» деп ақиық Мағжан ақын айтқандай, ана тілі қоғамды біріктіруші, тұтастырушы, елдікті қалыптастырушы бірегей құндылық екені белгілі. Алайда ана тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруге кедергі келтіретін жайттар да ойландырмай қоймайды. 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңның баптарына уақыт талабына сай өзгерістер енгізу қажет. Әсіресе аталған Заңның 23-бабында айтылған «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесін» бекітудің уақыты жетті деген ойдамыз.

Дана халқымыз «жер-судың аты – тарихтың хаты» деген. Түркістан облысының атауы тарихи сананы жаңғыртуға елеулі ықпалы болғанын айтқан Президент қазақ даласының теңдессіз жер жаннаты екенін, осынау ұлан-ғайыр аумақты бізге сырттан ешкімнің сыйға тартпағанын, сондықтан да жердің сатылмайтынын тағы бір рет еске салды.

Қасиетті жерімізге байырғы атауларын қайтару да – тәуелсіздік әкелген әділеттің жемісі. Әйткенмен, бұл бағытта кешеуілдеп келе жатқан толғақты жайттың бірі – даламызда оспадар жүйеден қалған отарлық атауларды ауыстыру мәселесі. Бұл ретте Алтай, Баянауыл, Сарыарқа, Қызылжар, Сарайшық, Ертіс, Жайық секілді байырғы жарасымды атаулар «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», қай өңірге де сұранып тұр емес пе?! «Бос жатқан жер жау шақырады» дегендей, Мемлекет басшысының халқы селдіреп, сиреп қалған шекаралық аймақтар туралы алаңдауы – шешімін кешеуілдетуге болмайтын стратегиялық маңызды жоба. Сондықтан оңтүстіктен солтүстікке, шығысқа отбасыларды көшіру, шетелден келетін қандастарды жүйелі шоғырландыру, олардың кәсіпкерлікпен айналысуына жеңілдік жасап, арнайы мәртебе беру де күн тәртібінде күтпейтін мәселе.

Бостандық – бар бақытымыз бен байлығымыздың бастауы! Айшықты азаттық – аталарымыз бен Алаш арыстарының аңсары! Сондықтан тәуелсіздік тәуекелі тоқмейіلسуді көтермейді, ендеше еңсе тіктеген елдігімізді сұқ көздер мен суық сөздерден сәт сайын, сағат сайын табанды қорғау қажет! Мерейлі меже алдындағы мағыналы мақала бізді осыған үндейді.

